

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Цифрлық
ТВ арналған тіркеме**

DEXP

HD 9395P

HD 9879P

Мазмұны

Құрылғының міндеті	4
Сақтық шаралары.....	4
Жиынтықталу	5
Құрылғы сұлбасы.....	6
ҚБ пульты.....	8
Құрылғы ағытпалары	10
Құрылғыны қосу	11
Пайдалануды бастау	11
Құрылғымен жұмыс.....	12
Баптаулар.....	21
Қосымшалар.....	24
Техникалық сипаттамалары.....	26
Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері	27
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және жою ережелері мен шарттары	28
Қосымша ақпарат.....	29

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының міндеті

Тіркеме DVB-T2 стандартты сандық эфирлік теледидар арналарын қабылдауға арналған, сонымен қатар JPEG, BMP, MPEG4, AVI, MKV, MP3, AAC және т. б. форматтарын қолдайтын медиа ойнатқыштың мүмкіндіктеріне ие.

Құрылғы EPG (Electronic Program Guide) функциясын - теледидар экранында кез-келген ыңғайлы уақытта теледидар бағдарламаларының кестесін көруге мүмкіндік беретін интерактивті бағдарламаны қолдайды. Тіркемені теледидар арналарын көруге, радиостанцияларды тыңдауға, YouTube-ті, сондай-ақ Wi-Fi адаптерін пайдаланып Wi-Fi желісіне қосылып, әдеттегі аудио бейне жабдықтаарын: кинескоп, плазмалық және СКД теледидарларын көру үшін пайдалануға болады.

Сақтық шаралары

- Өндіруші қауіпсіздік шаралары мен өнімді пайдалану ережелерін сақтамаудан туындаған зақымданулар үшін жауап бермейді.
- Өртті немесе электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғыға су түсуіне жол бермеңіз және құрылғыны жоғары ылғалдылық жағдайларында пайдаланбаңыз.
- Құрылғыда жоғары кернеулі компоненттер бар, сондықтан құрылғыны өзіңіз ашуға және жөндеуге тырыспаңыз.
- Егер сіз оны ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмесе, сондай-ақ найзағай алдында құрылғыны қуат көзінен және теледидар антеннасының кабелінен ажыратыңыз. Найзағай кезінде құрылғыға, қуат баусымына немесе антенна кабеліне қол тигізбеңіз.
- Бұл құрылғы көлік құралында қозғалған кезде теледидар сигналын қабылдамауы мүмкін.
- Құрылғының корпусына бөгде заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны іске қосар алдында құрылғының дұрыс қосылғанына көз жеткізуіңізді сұраймыз.

* Жеткізілім жиынтығына кірмейді.

- Сіздің аудио жүйеңізге зақым келтірмеу үшін дыбыс деңгейін ойнатуды бастағаннан кейін ғана реттеңіз.
- Суықта ұзақ уақыт болғаннан кейін іске қосар алдында аспапты бөлме температурасында 1 сағат ұстау қажет.
- Құрылғыны пайдалану кезінде оған қосылған қуат ашасы бар розетка Сіз үшін қолжетімді жерде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының жұмысында кез келген іркілістер анықталған жағдайда оны пайдалануды дереу тоқтатып, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну ұсынылады.
- Құрылғыға кез-келген қызмет тек уәкілетті қызмет көрсету орталығының білікті мамандарымен жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қажақ материалдарды немесе органикалық қосылыстарды (алкоголь, бензин және т. б.) пайдаланбаңыз. Тазалау үшін аз мөлшерде бейтарап жуғыш затты қолдануға рұқсат етіледі.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларға бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.

Өнімді қызмет мерзімі өткеннен кейін пайдалану


1. Бұл өнім үшін белгіленген қызмет мерзімі өнімді тек жеке, отбасылық немесе үй қажеттіліктері үшін пайдаланған жағдайда, сондай-ақ тұтынушы өнімді пайдалану, сақтау және тасымалдау ережелерін сақтаған жағдайда ғана жарамды. Өнімді ұқыпты ұстау және пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда нақты қызмет мерзімі белгіленген қызмет мерзімінен асуы мүмкін.
2. Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін сізге бұйымға профилактикалық қызмет көрсетуді жүргізу және оның одан әрі пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну қажет. Бұйымдарға профилактикалық қызмет көрсету және оны диагностикалау бойынша жұмыстарды сервистік орталықтар ақылы негізде орындайды.
3. Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны уәкілетті сервистік орталықта профилактикалық қызмет көрсетусіз пайдалануды жалғастыру ұсынылмайды.

Жиынтықтама

- Сандық ТВ-ға арналған тіркеме.
- ҚБ пульті.
- AV кабелі.
- Сыртқы желілік адаптер.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.



Құрылғы сұлбасы

HD 9395P




1. Дисплей.
2. POWER батырмасы (құрылғыны қосу/сөндіру).
3. MENU батырмасы (негізгі мәзірді шақыру /алдыңғы мәзірге оралу).
4. CH/V батырмасы- (басу: алдыңғы арнаға өту / басу және ұстап тұру: дыбысты азайту).
5. CH/V+ батырмасы (басу: келесі арнаға өту / басу және ұстап тұру: дыбысты көбейту).

HD 9879P



1. POWER батырмасы (құрылғыны қосу/сөндіру).
2. MENU батырмасы (негізгі мәзірді шақыру /алдыңғы мәзірге оралу).
3. CH/V батырмасы- (басу: алдыңғы арнаға өту / басу және ұстап тұру: дыбысты азайту).
4. CH/V+ батырмасы (басу: келесі арнаға өту / басу және ұстап тұру: дыбысты көбейту).

ҚБ пульті*



*ҚБ пульті осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1. STANDBY: құрылғыны қосу/сөндіру.
2. 0...9: сандық батырмалар.
3. TV / RADIO: теледидар мен радио арасында ауысу.
4. EPG: таңдалған арнаның беріліс бағдарламасын көрсету.
5. MENU: негізгі мәзірді шақыру/алдыңғы мәзірге оралу.
6. GOTO: қажетті уақытқа жылдам өту
7. OK: қарау режимінде арналар тізімін шығару/мәзірде таңдауды растау.
8. CH+▲: келесі арнаға өту/меңзерді жылжыту.
9. CH -▼: алдыңғы арнаға өту/меңзерді жылжыту.
10. SUB-T: субтитрлерді қосу/өшіру.
11. AUDIO: дыбыстық жолды немесе аудиорежимді таңдау (сол/оң динамик-тер/стерео).
12. FAV: таңдаулы телеарналардың тізімін қарау.
13. TIMESHIFT/PAUSE: TimeShift/үзіліс функциясы.
14. PVR: PVR функциясына қол жеткізу.
15. REV: файлды ойнату кезінде артқа айналдыру.
16. FWD: файлды ойнату кезінде алға жылжыту.
17. PREV: алдыңғы файлға өту.
18. MUTE: дыбысты қосу/өшіру.
19. Қайталау: қайта ойнату режимі.
20. RECALL: алдыңғы арнаға/радиостанцияға оралу.
21. EXIT: алдыңғы мәзірге оралу.
22. PAGE +: арналарды ауыстыру/меңзерді мәзірге жылжыту.
23. PAGE -: арналарды ауыстырып-қосу/меңзерді төмен мәзірге жылжыту.
24. VOL►: көру режимінде дыбыс деңгейін жоғарылату/опциялардағы батауларды өзгерту.
25. VOL◄: көру режимінде дыбыс деңгейін төмендету/опциялардағы баптауларды өзгерту.
26. TXT: мәтіндік ақпаратты көрсету.
27. INFO: ағымдағы телеарна туралы ақпарат.
28. NEXT: келесі файлға өту.
29. STOP: файлды ойнатуды тоқтату.
30. REC: жазуды бастау.
31. PLAY►: ойнатуды бастау.
32. V-FORMAT: әртүрлі бейнеажыратымдылықтары арасында ауыстырып-қосу.
33. TIMER: таймерді баптау.
34. ASPECT: экран жақтарының арақатынасын өзгерту.

Құрылғының ағытпалары


Ағытпа	Міндеті
 <p>RF IN</p>	<p>ТВ-антеннасына арналған кіру</p>
 <p>RF OUT</p>	<p>ТВ-антеннасына арналған шығу</p>
 <p>HD OUT</p>	<p>ТВ-ға қосылуға арналған HDMI шығысы</p> <p>*Сіздің ТВ/ мониториңыз HDMI бойынша қосылуды қолдауы керек</p>
 <p>VIDEO AUDIO-R AUDIO-L</p>	<p>RCA типті композитті AV шоғырсымын қосуға арналған ағытпа</p>
 <p>DC 5V</p>	<p>Қуатты қосуға арналған ағытпа</p>
 <p>USB</p>	<p>USB ағытпасы (сыртқы жинақтауыштар мен Wi-Fi антеннаны қосу үшін)</p>

Құрылғыны қосу

1. Қуат адаптерінің коннекторын құрылғыдағы қуат ағытпасына, ал қуат адаптерінің өзін 100-240 В, 50/60 Гц желісіне қосыңыз.
IEC 169-2 ТВ-антеннасының коаксиалды кабелін құрылғыдағы RF IN ағытпаға қосыңыз.
2. HDMI бойынша қосу: HDMI кабелінің бір ұшын (жиынтықта жеткізілмейді) құрылғыдағы HDMI-ағытпаға, ал екіншісін теледидар/монитордың HDMI-ағытпасына қосыңыз. HDMI арқылы қосылған кезде дыбыс осы интерҚейс арқылы да шығарылады.
3. Композиттік ағытпа бойынша қосылу: құрылғымен жиынтықта жеткізілетін композиттік кабельдің коннекторларын құрылғыдағы және ТВ-ғы сәйкес түстердің композиттік ағытпаларына қосыңыз.

Пайдалануды бастау


1. Өзіңіздің теледидарыңызды/мониторды қосыңыз.
2. ЦТВ-тіркемесін қосыңыз.
3. Теледидарда құрылғы қосылған көзді таңдаңыз (AV/HDMI).
4. Экранда Сіз жүйенің тілін таңдауға, сондай-ақ қолжетімді арналарды автоматты түрде іздеуге және сақтауға арналған терезені көресіз. Автоматты іздеуді бастау үшін ҚБ пультіндегі ОК басыңыз. Табылған арналар іздеу жолағында көрсетіледі.



Құрылғымен жұмыс

Арнаны таңдау

1. Егер Сіз қалаған арнаның нөмірін білсеңіз, арналарды нөмірлік батырмалардың көмегімен ауыстыра аласыз. Мысалы, 9 арнаға өту үшін 9 батырмасын, ал 44 арнаға өту үшін 4 батырмасын қатарынан екі рет басыңыз. Егер қалаған арна нөмірін енгізгеннен кейін бірден ОК түймесін бассаңыз, Сіз оған дереу көшесіз. Әйтпесе, арнаға ауыспас бұрын 2 секунд күту керек.
2. Арналарды таңдаудың тағы бір тәсілі – тізім функциясын пайдалану. Арналар тізімін көрсету үшін ОК басыңыз. Қажет болса, теледидар арналары мен радиостанциялар тізімі арасында ОК түймесін баспас бұрын TV/RADIO түймесін басу арқылы ауысуға болады. Тізімді шығарғаннан кейін тізімді шарлау үшін ◀/▶ батырмаларын қолданыңыз және, қажетті арнаны тапқаннан кейін, таңдауды растау үшін ОК басыңыз.




- Тізімнің соңына жылдам өту үшін **PAGE** батырмасын басыңыз.
- Таңдаулылар тізіміндегі орналасқан бірінші арнаны көру үшін **FAV** батырмасын басыңыз. Әрі қарай, таңдаулылар тізімін шарлау үшін ◀/▶ батырмаларын пайдаланыңыз.
- Электрондық бағдарлама мәзірінен арнаны таңдау үшін **EPG** батырмасын басыңыз және қайтадан **EPG** батырмасын басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Көру кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/азайту үшін ◀/▶ басыңыз.

Арна туралы ақпаратты қарау


Арна туралы ақпарат терезесін көрсету үшін **INFO** батырмасын басыңыз.



Сізге ағымдағы және келесі арна туралы ақпарат көрсетілетін болады.


Нашар еститіндерге арналған субтитрлер

Есту қабілеттері бұзылған адамдар үшін арнайы субтитрлерді көрсетуді қосу үшін **SUB** батырмасын басыңыз. Сіз қалаған субтитр тілін таңдай аласыз (егер арна қолдаса) немесе оларды пайда болған терезеде өшіре аласыз.



Таңдаулыларға қосу

Негізгі мәзірді көрсету үшін **MENU** батырмасын басыңыз. Экранда «Бағдарлама» мәзірін көргенше ▲/▼ батырмасын басыңыз, содан кейін **OK** басыңыз.




Егер Сіз таңдаулылар тізіміне арна(лар) қосқыңыз келсе, меңзерді қажетті арнаға жылжитқан кезде **FAV** батырмасын басыңыз. Таңдалған арналар белгішемен белгіленетін болады.

Қажетті арналарды таңдау аяқталғаннан кейін **EXIT** басыңыз. Өзгерістерді сақтау туралы сұрағы бар терезе пайда болады. Егер сіз өзгертулерді сақтағыңыз келсе, «Иә» және сақтамай шыққыңыз келсе, «Жоқ» таңдаңыз. Таңдауды **OK** батырмасын басумен растаңыз.

Енді Сіз **FAV** басу арқылы таңдаулы арналардың тізімін ашып, арналарды одан тікелей таңдай аласыз.

Арналар тізімін басқару

«Бағдарлама» - «Бағдарламаларды редакциялау» мәзірінде Сіз сонымен арналар тізімін көрсету параметрлерін басқара аласыз. ҚБ пультіндегі қажетті түс функциясының батырмасын басып, Сіз арналарды жылжыта, бұғаттай, өткізіп жібере және жоя аласыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- арнаны бұғаттаған кезде оған одан әрі қол жеткізу үшін құпиясөзді енгізу қажет болады. Әдепкі қалпы бойынша құпиясөз: 000000.
- Арнаны жойған кезде, оны болашақта көру үшін Сіз қайтадан іздеуді орындауыңыз және осы арнаны сақтауыңыз керек.

Файлдарды USB-жинақтауыштан қайта жаңғырту

Сіздің ЦТВ-тіркемеңіз USB-жинақтаушысынан әртүрлі файл пішімдерін ойнату-ды қолдайды, сонымен қатар USB-жинақтаушысына телешоуларды жазу функциясы (PVR функциясы) бар. Қолдаулы форматтардың ішінде: TS TRP, DAT, MPG, MPEG, AVI, MKV, MOV, MP4, VOB, 3PG, MP3, WMA, ACC, BMP, JPG, PNG және т. б. ҚБ пультіңдегі MENU батырмасын басыңыз. ▲/▼ батырмаларын пайдаланып, "USB" мәзірін таңдаңыз және таңдауды растау үшін ОК басыңыз.



«Мультимедиа» опциясын таңдаңыз. Көздердің әртүрлі типтері бойынша (музыка, фото, бейне, PVR) қозғалу үшін бұдан әрі ▲/▼ батырмаларын пайдаланыңыз.

Музыка, фото немесе бейне мәзірінде қажет файлды таңдаңыз және оны ойнату үшін ОК басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: құрылғымен дұрыс жұмыс істеу үшін USB-жинақтаушыда FAT32 форматындағы файлдық жүйе болуы керек.

ТВ-хабарларын жазу (PVR функциясы)

USB-жинақтаушысына телебаңдарламаны жазуды бастау үшін теледидарды қарау кезінде батырманы ● (REC) басыңыз. Жазудың әдепкі қалып бойынша ұзақтығы – 2 сағат. Егер Сіз жазу ұзақтығын өзгерткіңіз келсе, ● (REC) қайтадан басыңыз, содан кейін ұзақтық мәнін қолмен енгізіп, ОК басыңыз.

Сонымен қатар, Сіз EPG (электрондық хабарлар бағдарламасы) мәзірінен жазуды бастай аласыз. Пульттің EPG батырмасын басыңыз, содан кейін ▲/▼ батырмалардың көмегімен Сіз жазғыңыз келетін арнаны таңдаңыз және Жазу батырманы басыңыз. Арна туралы ақпарат таймер мәзірінде көрсетілетін болады. «Режим» - «Жазу» тармағын таңдаңыз және таңдауды растау үшін ОК және шолу режиміне оралу үшін EXIT басыңыз. Құрылғы көрсетілген арнаны жаза бастайды. Егер Сіз осы кезде басқа арнаны қарасаңыз, құрылғы автоматты түрде жазу үшін орнатылған арнаға ауысып-қосылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Жазбаны жасау кезінде немесе оны кейінгіде қараған кезде EPG функциялары, субтитрлер және дыбыстық тілді ауыстыру қолжетімді болмайды.

- ▲/▼ батырмалардың көмегімен жазу үшін диск тарауларын баптау үшін Сіз USB мәзірінен «PVR баптаулар» тармағын таңдай аласыз. Өзіңіздің таңдауыңызды **OK** басумен растаңыз және жазбалар әрқашан таңдалған қалтаға сақталатын болады (автоматты түрде құрастырылған «DVRRECORD» директориясына).
- Дискінің зақымдану қаупіне жол бермеу үшін теледидар бағдарламаларын жазу үшін flash-жады бар USB-жинақтауышты пайдалану ұсынылмайды. USB HDD пайдаланыңыз.
- Файлдармен қандай да бір операцияларды (жазу, жою және т.б.) орындау кезінде USB-жинақтағышты құрылғыдан ажыратпаңыз

Хабарламалардың электрондық бағдарламасы (EPG функциясы)


Егер Сіздің ТВ-провайдеріңіз осы функцияны қолдаса, Сіз белгілі бір арналарда бағдарламаны көре аласыз. Хабарламалар бағдарламасының мәзірін шақырту үшін **EPG** батырмасын басыңыз.

Басқа арналардың хабарламалар бағдарламасына ауысу үшін ◀/▶ батырмаларын пайдаланыңыз.

EPG немесе **EXIT** батырмасын басып, Сіз EPG мәзірін кез келген уақытта жаба аласыз.

Арналарды іздеу және сақтау

Жаңа арналарды табу немесе басқа жерге көшу қажет болса, Сізге қолжетімді арналарды қайта іздеу қажет болуы мүмкін. Мұны автоматты түрде немесе қолмен жасауға болады.



Автоіздеу


ҚБ пультіндегі **MENU** басыңыз және «Арналарды іздеу» мәзіріне өтіңіз, содан кейін «Автоіздеу» опциясын таңдаңыз және **OK** басыңыз. Автоматты іздеу басталады және табылған барлық арналар іздеу терезесінде көрсетілетін болады.

Қолмен іздеу

Көп жағдайларда құрылғы барлық қолжетімді арналарды автоматты іздеу көмегімен табуы мүмкін. Егер Сіз қандай да бір арнаны бұрын жойған болсаңыз, ал енді оны қайтадан көргіңіз келсе, қолмен іздеу қажет болуы мүмкін. ҚБ пультіндегі **MENU** басыңыз және «Арналарды іздеу» мәзіріне өтіңіз, содан кейін «Қолмен іздеу» опциясын таңдаңыз және **OK** басыңыз. Іздеуді бастау үшін **OK** қайтадан басыңыз. Аяқтағаннан кейін Сіз экранда жаңа табылған арнаны көресіз. Егер жаңа арна табылмаса, Сіз бұрын ағымдағы жиілікте болған арнаға ораласыз.

Жазу таймері


Арнаны қарау кезінде жазу таймерінің мәзірін ашу үшін көк батырманы басыңыз. Таймерді қосу үшін қызыл батырманы басыңыз. Экранда жаңа оқиғаны қосу терезесі пайда болады.



Таймер параметрлерін баптау үшін ▲/ ▼ батырмаларын пайдаланыңыз. Сонымен қатар Сіз жасалған таймерді жою аласыз. Бұрыннан құрылған таймерді редакциялау үшін Жасыл батырманы басыңыз, немесе оны жою үшін Көкті басыңыз.

Аудио тілі

Егер арна бір уақытта бірнеше тілде таратылса, Сіз аудионың тиісті тілін таңдай аласыз. Сіз сондай-ақ дыбыстаудың қолайлы форматын таңдай аласыз. Аудио тілін баптаудың терезесін көрсету үшін жасыл батырманы басыңыз.




Қолжетімді хабар тарату тілдері арасында ауысу үшін ▲/▼ батырмаларын пайдаланыңыз. Егер арна Dolby Digital-де таратылса, хабар тарату тілі AC3 белгішесімен көрсетілетін болады. Dolby Digital қолдамайтын арналарда MP2 белгішесі болады.

Баптаулар

Баптауларда Сіз мәзір тілін, субтитрлер тілін, аудио тілін, сондай-ақ сандық дыбыс форматын таңдай аласыз.

Бейне баптаулары

Пульттегі **MENU** батырмасын басыңыз және «Кескін» мәзірін таңдаңыз.




Сіз экран жақтарының арақатынасын, ажыратымдылығын және ТВ-хабар тарату форматын баптай аласыз.

Опциялар арасында ауысу үшін ▲/▼ батырмаларын қолданыңыз және қалаған опция белгіленген кезде **OK** басыңыз. Баптауды аяқтағаннан кейін мәзірден шығу үшін **EXIT** басыңыз.

Уақытты баптау


Пультте **MENU** басыңыз және «Уақыт» мәзірін таңдаңыз.



Сіз белгілі бір уақытта құрылғының автоматты түрде сөндірілуін баптай аласыз, сонымен қатар өзіңіздің аймағыңызды және сағаттық белдеуді өзгерте аласыз.

Жүйе баптаулары

Пульттегі MENU басыңыз және «Жүйе» мәзірін таңдаңыз.



Ата-ана бақылауы

«Ата-ана бақылауы» опциясын таңдаңыз және әдепкі қалпы бойынша қауіпсіздік кодын енгізіңіз. Ата-ана бақылауы терезесі пайда болады, онда Сіз батырмалардың көмегімен арналардың рейтингісін орната аласыз (4 жастан 18 жасқа дейін). Арнаға рейтинг тағайындағаннан кейін Сіз құрастырған кодты енгізусіз оны қарап шығу мүмкін болмайды.

Құпиясөзді орнату

Құрылғыда әдепкі қалып бойынша орнатылған қауіпсіздік құпиясөзі - 000000. Белсендендіру кезінде ата-аналық бақылау функциясының енгізіп, оны құру, меншікті қауіпсіздік коды. Кодты өзгерту үшін «Құпиясөзді орнату» опциясын таңдаңыз.

Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

Бұл опцияда Сіз құрылғының барлық пайдаланушылық баптауларды арылтып, оны зауыттыққа қайтара аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: зауыттық баптауларды қалпына келтіргенде пайдаланушының барлық деректері (сағаттық белдеулер, арналар, таймерлер және т. б.) жойылады.

Ақпарат

Бұл опцияда Сіз өзіңіздің құрылғыңыз туралы ақпаратты көре аласыз.

БҚ жаңарту

1. USB-жинақтаушыдан жаңарту.

Құрылғы БҚ үшін жаңарту шыққан кезде оны ДК-ге жүктеп, содан кейін USB дискісінен ЦТВ-тіркемесіне орната аласыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: жаңарту файлын жинақтағыштың түбірлік директориясына орналастыру қажет.

Сіз USB-жинақтағышын құрылғыға жаңартумен қосқаннан кейін пультегі MENU басыңыз және «Жүйе» мәзірінен «БҚ жаңарту» опциясын таңдаңыз. Жаңарту процесі басталғанда экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

2. Серверден жаңарту.

Әрекеттегі Wi-Fi желісі бар болғанда серверден жаңарту қолжетімді. «Желі арқылы жаңарту» бөлімшесіне өтіңіз, терезенің төменгі жағында микробағдарлама нұсқасы және қолжетімді жаңарту туралы ақпарат көрсетіледі.


Жаңа бағдарламалық қамтымды жүктеуді бастау үшін «Старт» басыңыз. БҚ орнату аяқталғаннан кейін тіркеме қайта жүктеледі.



Желіні баптау

Бұл бөлімде тіркемені үй роутерінен Wi-Fi сигналын қабылдауға баптауға болады. Қосылу үшін Wi-Fi сыртқы адаптерін қолданыңыз және, құпиясөзді енгізіп, үйдегі роутер деректерін баптаңыз. Осыдан кейін Сіз «Интернет» бөліміне, сонымен қатар Ауа-райы, YouTube, IPTV қосымшаларына қолжетімділік аласыз. Осы қосымшаларды өзіңіздің теледидарыңыздың экранында қарап шығуға болады.


- «Wi-Fi баптау» опциясын таңдаңыз және қосылу үшін құпиясөзді енгізіңіз. Бұны тіркемені бірінші рет іске қосқанда ғана жасау қажет.
- Сәтті қосылғанда Сіз осы бөлімшеде IP-мекенжайы және қосылу күйі туралы ақпаратты көресіз.



Қосымшалар

YouTube

YouTube қолдаулы Wi-Fi желісінде YouTube қосымшасын пайдалануға мүмкіндік береді. Экрандағы кеңестерді қолданыңыз.



IPTV

Бөлім тегін интерактивті теледидарды Wi-Fi желісі жұмыс істеп тұрғанда көруге арналған.



Плейлисті М3U форматында қосу үшін оны USB-жинақтаушысына жүктеу қажет, содан кейін «Жергілікті» мәзірінде ҚБ пультіндегі Көк батырманы басу және USB-жинақтаушысындағы файлдар тізімінен қажетті файлды таңдау қажет.

XML форматындағы плейлисті қосу үшін оны USB-жинақтаушыға көшіру, содан кейін «Cloud» мәзірінде ҚБ пультіндегі жасыл батырманы басу және телеарналар тізімі жүктелуін күту қажет. Қажет болса, сіз жүктеген плейлистен арналар тізімін қол режимінде жаңарту үшін ҚБ пультіндегі көк батырманы басу қажет.


Назар аударыңыз!

Қолдаулы форматтар: М3U, XML.


Өндіруші жүктеген аймақтық арналары бар плейлистке қайта оралу үшін мәзірдің тиісті тармағында зауыттық баптауларға қайта оралуды орындау қажет.

RSS

Қосымша жаңалықтар легін оқуға мүмкіндік береді.



Ауа-райы



Техникалық сипаттамалары

Модель	HD 9395P	HD 9879P
Корпус материалы	Пластик	
Дисплейдің бар болуы	+	-
Тюнер	MaxLinear MXL608	
Жады	4Mб Flash; 512Mб DDR2 SDRAM	
Чипсет	MSD7T00	
Жиілік диапазоны	VHF 174-230 МГц, UHF 470- 862 МГц	
Dolby Digital қолдауы	-	
ИнтеРқейстер	HDMI 1.3, USB 2.0, RF in, RCA	
Бейне декодері	MPEG4 AVC/H.264, HP@L4MPEG2 MP@MP.HL	
Жақтардың арақатынасы	4:3, 16:9	
Бейненің ажыратымдылығы	480i/480p/576i/576p/720p/1080p/1080i	
Аудио декодер	ISO/IEC 14.496-3, AAC, AAC+	
Файлдар форматтары	AVI, MKV, DivX 4/5/6, MPEG, MPEG2, MPEG4, MOV, TRP, TS, JPEG, AAC, MP3, MP4, BMP	
Максималды қуат тұтыну	<10 Вт	
Күту режимінде энергия тұтыну	<1 Вт	
Қосымша функциялар	EPG, TimeShift, PVR, YouTube, IPTV, ауа-райы болжамы (Wi-Fi қосылысы бар болған жағдайда)	
Габариттер, мм	120x63x27	

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Егер құрылғы жұмысында ақаулықтар болса, оны сөндіріп және қайта іске қосып көріңіз. Ақаулықтарды жою үшін төмендегі кестені де қолдануға болады. Егер ақаулық жойылмаса, көмек алу үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Барлығы 10 арна табылды	Антенна дұрыс таңдалмаған немесе орналастырылған	Қуатты антеннаны, мысалы, ТВ-сигналын күшейткіші бар антеннаны пайдаланыңыз. Сигналды неғұрлым сапалы қабылдауын қамтамасыз ету үшін антеннаның жайғасымын реттеңіз
Кескін жоқ	Желілік кабель сөндірілген	Ажыратып-қосқышты қосыңыз
	Қуат көзі жоқ	Қуат көзін қосыңыз
Сигнал жоқ	Антенналық кабелі қосылмаған	Кабельді қосыңыз
	Баптаулар қате орындалған	Баптауды қайта орындаңыз
	Қосылумен проблемалар	Кабельді қайта қосыңыз
Дыбыс жоқ	Дыбыс сөндірулі (MUTE батырмасы басылған)	Дыбысты қосу үшін MUTE батырмасын басыңыз
	Дыбыс деңгейі тым төмен	Дыбыс деңгейін жоғарылатыңыз
	Дыбыс сызығы қолдаулы емес	Басқа сызықты пайдаланып көріңіз
Тек дыбыс кескінсіз	Таңдалған арна радиостанция болып табылады	ТВ режиміне өту үшін TV/RADIO батырмасын басыңыз
	Қосылумен проблемалар	Бейнекабельді қайта қосыңыз
ҚБ пульті жұмыс істемейді	Батареялар тогынан айырылған	Батареяларды ауыстырыңыз

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояуды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С дейінгі ауа температурасында және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы абайлап ұстауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының өткізілуі РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Бұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЭйчДи Ресивер Тэкнолоджи Ко., Лтд.

5/Ғ, 6-ғимарат, ХуанТянь өнеркәсіптік аймағы, Сисян, Баоань, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Құрылғының конфигурациясы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club